


Сақтардың мифологиясы мен өнері

Орындаған: Абдигаппарова Д

Кабылдаған: Нурманова Ш

Тобы: СТК-302




Жоспары:

1. Сақтардың қоғамдық құрылысы.
2. Сақ тайпаларының шаруашылығы.
3. Мәдениеті. Діні. Теңдесі жоқ жәдігер.
4. Сақ патшалары.



- Б.з.б I мыңжылдықтағы Қазақстан территориясын мекендеген көшпелілер – **сақтар**. Бұл сақтардың материалдық мәдениеті мен қоғамдық құрылысы жағынан оңтүстік Сібір тайпалары және Ресейдің еуропалық бөлігінің далалық аймақтарын мекендеген скиф тайпаларымен ұқсастықтары болды.
- Сақ тайпаларының атауы әр елде әртүрлі:
 - гректер* – азиялық скифтер;
 - парсылар* – құдіретті еркектер;
 - ирандықтар* – жүйрік атты турлар.
- Б.з.б. VII-IV ғасырлар – сақ тайпалар одағы құрылды. Сақ қоғамының сипаты - әскери – демократиялық. 3 негізгі топқа бөлінген, әр топтың өзіндік дәстүрлі түстері болған:
 1. **Жауынгерлер** - қызыл түс.
 2. **Абыздар** – ақ түс.
 3. **Қауым мүшелері** – сары және көк түс.



Сақ жауынгерлері

Сақ тайпаларының 3 тобы:

Атауы	Мекені
Парадарайя (теңіздің арғы жағындағы сақтар)	Қара теңіздің солтүстігі, Арал теңізі маңы, Амурдария мен Сырдарияның төменгі ағысы.
Тиграхауда (шошақ бөрікті сақтар)	Сырдарияның орта ағысы, Тянь – Шань, Жетісу.
Хаумаварга (хаома сусынын дайындайтын сақтар)	Мургаб өзенің аңғары (Түркіменстан)

Сақ тайпаларының мекендеген территориялары



Маңызды жылдар

Жылдар	Оқиғалар
Б.з.б 9-6 ғасырлар- Б.з.б 8-7 ғасырлар-	Сақ тайпалары мәдениетінің ерте кезеңі. Көшпелілердің Ишпакайдың, одан соң оның ұлы Партатудың басшылығымен Ассирия, Египет елдеріне жорығы.
Б.з.б 7-5 ғасырлар- Б.з.б 5 ғасыр- Б.з.б 7-1 ғасырлар	Орталық Азия сақтары мәдениетінің гүлденуі. “Есік” қорғаны. Орталық Қазақстан далаларындағы “Тасмола” мәдениеті.
Б.з.б 530 жыл-	Ахеменидтік патша Кирдің сақтарға жорығы. Кирді Сыр бойында Томиристің өлтіруі.
Б.з.б 519-518 жылдар- Б.з.б. 500 жыл-	Ахеменид әулетінен шыққан қолбасшы <i>I Дарий</i> патша сақтар еліне жорыққа шықты. Хаомаварга сақтар және дахалар грек-парсы соғыстарына парсылар жағында қатысты.
Б.з.б. 340 жыл-	<i>Филипп</i> патша Сақ басшысы Атеймен соғысып, 20мыңға жуық жылқыны қолға түсірді.
Б.з.б. 330-327 жылдар-	<i>А.Македонский</i> Дарийді жеңіп Сырдарияға дейін жетті және көшпелілерден жеңіліске ұшырады.
Б.з.б. 325 жыл-	Массагеттердің ауыр атты әскері Македонскийдің Индияға жорығына қатысты.
Б.з.б 238 жыл-	Аршакидтер Иранда жаңа империя-Парфян патшалығын құрды.

- Б.з.б. I мыңжылдық ортасында сақтарда *көшпелі мал шаруашылығы* кең тарады.
- Сақтардың мал шаруашылығының 3 түрін үйлестірді:
 1. *Көшпелі мал шаруашылығы* – Батыс және Орталық Қазақстанда.
 2. *Жартылай көшпелі мал шаруашылығы* – Шығыс Қазақстан, Жетісу, Батыс пен Орталық Қазақстанның бір бөлігі, Тянь-Шань, Алтай тауларының етегінде.
 3. *Отырықшы мал шаруашылығы* – Оңтүстік Қазақстанда, Талас, Шу, Сырдария, Келес өзендері бойында.
- Жылқы өсірген. Батыс және Оңтүстік Қазақстанның далалық және шөлейт аймақтарында түйе өсірген. Тебіндеп жайылуға қабілеті болмағандықтан ірі қара аз өсірілді. Сонымен қатар, қой өсірумен айналысқан.
- Сақтар мал шаруашылығымен қатар, *өзен және сулы аймақтарда суармалы егіншілікпен* айналысты. Ерекше суару жүйесі бар аймақтар – Сырдарияның оңтүстік аңғарындағы Шырық – Рабат, Бәбіш – молда қоныстары.


- Сақтар Алтай, Сібір, Шығыс және Еуропа халықтарымен сауда байланысын жасады. Б.з.б I мыңжылдықта Еуразия далаларында дәстүрлі халықаралық жәрмеңке өткізіліп тұрған.
- Б.з.б VII ғасыр Сібір, Қазақстан, Еділ бойы және Еуропаның оңтүстігінде скифтік-сібірлік **“аңдық стиль”** деп аталған өнер пайда болды. Басты тақырыбы – аңдар мен аңыздағы қиял-ғажайып бейнелерді суреттеу.
- Б.з.б III-II ғ.ғ бұл өнер түрі құлдырай бастады. Аң стилі ою-өрнекке айналды.
- **Жылқы бейнесі** - күн және отпен байланыстырылды. Есік қорғанынан табылған патшаның бас киімінде бейнеленген қанатты аттар- күннің қозғалысын білдіреді.
- **Қабан бейнесі** - күн күркіреу құдайы. Арыстанды бейнелеу Арал маңындағы сақтардың тұрақты тақырыбы болған.
- Сақ қорымдарының шоғыры Сырдария, Іле, Талас, Шу, Лепсі, Есік, Шелек, Шарын өзендерінің аңғарларынан, Кеген мен Нарынқол алқаптарынан табылған. Мысалы, Іленің сол жағалауындағы Жуантөбе кесенесі 300 қорғаннан, Талас өзені жағасындағы Берікқара 500 қорғаннан тұрады. Ал, әйгілі Бесшатыр қорымы 31 қорғаннан тұрады, олардың арасынан диаметрі 104 м және биіктігі 17 м болатын Үлкен Бесшатыр қорғаны ерекше көзге түседі.



Бұл дәуірдің аса құнды ескерткіші – Іле Алатауының етегіндегі Алматыдан 50 км шығысқа қарай орналасқан Есік қорғаны болып табылады. Ол 40-тан астам қорғаннан тұратын Есік қорымына кіреді. Оны археологтар 1969 жылы ашты. Диаметрі 60м және биіктігі 7 м асатын ол қорғаннан б.з.б IV ғасыр аяғы мен III ғасырға жататын **“Алтын адамның”** моласы табылды. Оның жасы шамамен 17-18 жасар жауынгер, ал тегі бойынша **саққа** жатады. Ол мол алтынмен өрнектелген салтанатты киім киген. Басында әртүрлі өлшемдегі алтын жапырақшалармен әшекейленген сүйір, биіктігі-60-70 см баскиімі бар. Баскиімі барлығы 150-ге жуық әшекеймен өрнектелген. Әшекейлер барыстың, таутекенің, арқардың, жылқының, құстардың бейнесінде жасалған. “Алтын адам” бойынша археолог К. Ақышев зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол “Алтын адамды” шошақ бөрікті сақтарға жатқызады.

- Ескі аңыздарға қарағанда сақтардың ішінде үш билеуші әулет болған. Олар сақтардың ата-бабасы **Тарғытай** деген кісінің үш ұлы Липоксай, Арпоксай, Колаксайдан тарады. Колаксайдың ұрпағы жоғары билікке ие болды. Себебі сол заманда аспаннан бірнеше алтын заттар түседі. Осы заттар Липоксай мен Арпоксай жақындаса жалындап жанып, оларды жолатпайды. Тек Колаксай ғана бұл заттарға ие болған. Сондықтан оның тұқымы тұңғыш патша әулеті атанды.
- **Сақтардың әйел патшалары.** Әр түрлі жазба деректер мен археологиялық өазба жұмыстардың нәтижесі б.з.б VIII-VII ғасырларда сақ тайпаларының ежелгі – Ассирия мен Мидия өркениеттерімен, ал б.з.б VI ғасырдың ортасында Ахеменид әулетімен қарым-қатынаста болғанын көрсетеді. Олар көптеген әлемдік тарихи оқиғаларға қатысқан. Ираннан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы барлық елдерді бағындырған, жеңілмейтін парсы патшасы Кирмен шайқасқан. Кир шапқыншылығы кезінде сақтардың патшасы қайтыс болып, күйеуінің орнына әйелі **Томирис** билік жүргізген.
- Көне заманның тарихи жазбалары арқылы сақ патшасы **Зарина** туралы да біршама деректер жеткен.

Томирис патшайым
шамамен б.з.б
570-520
жылдары өмір сүрген.



(А. Дүзелхановтың картинасы)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.google.kz

